

## ЖАРИЯ ОФЕРТА (ҰСЫНЫС)

«Бажекова» ЖК кабельдік телевидение желісінде (жүйесінде) байланыс қызметтерін ұсынуға

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес бұл құжат телехабар тарату мақсатында байланыс қызметтерін көрсету жүргізілетін мекенжай бойынша пәтерлердің заңды иелері болып табылатын немесе тіркелуі бар немесе пәтерді жалға алу шарты бар, бұдан әрі мәтін бойынша «Абонент» деп аталатын тұлғаларға арналады және директор Бажекова Нуржан Рысбековнаның тұлғасында «Бажекова» ЖК-нің (бұдан әрі «оператор») ресми, жария және қайтарып алынбайтын ұсынысы болып табылады, төмендегі талаптар негізінде шарт жасалсын.

1.2. Төменде баяндалған шарттар мен міндеттемелерді қабылдаған жағдайда осы офертаны құптаған тұлға «Бажекова» ЖК клиентіне айналады (ҚР АҚ 396-бабының 3-тармағына сәйкес) бұл офертаны құптау офертада баяндалған талаптар негізінде шарт жасасуға барабар. Осы жария офертаның (бұдан әрі Шарт) шарттарын сөзсіз қабылдау (құптау) Абоненттің Қызметтерді төлеу және оларды алу есебіне төлем жасауы болып саналады. Өтініш осы жария оферта мәтінін мұқият оқыңыз және егер Сіз офертаның белгілі бір тармағымен келіспесеңіз, «Бажеков» ЖК Сізге қызметтерді пайдаланудан бас тартуды ұсынады.

1.3. Құптау талаптарын қабылдау туралы оферта ұсынылған тұлғаның жауабы танылады (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 396-бабы). Офертаны құптау Абонент осы ұсыныстың барлық ережелерімен келісетінін және кабельдік телевидение желісінде (бұдан әрі - КТЖ) (жүйесінде) байланыс қызметтерін көрсету туралы шартты жасасуға барабар.

1.4. Осы офертаның әрекет ету мерзімі «Бажекова» ЖК желілерінде төлемдерді қабылдау, желілерге қызмет көрсету, ақауларды жөндеу, қоңырауларды қабылдау және абоненттерге кеңес беру бойынша қызметтерді ұсынудың № XXXX агенттік келісімнің бар әрекет ету мерзіміне белгіленеді.

1.5. Оператор агенттік келісім негізінде кабельдік хабар тарату мақсаттары үшін байланыс қызметтерін көрсетеді.

### 2. Шарттың мәні

2.1. Оператор Абонентке кабельдік телевидение желісіне қолжетімділікті және Абонентті пайдаланушылық (түпкілікті) жабдықтауға дейін телебағдарлама сигналын жеткізу бойынша негізгі және / немесе қосымша ақылы қызметтерді ұсынады, ал Абонент таңдаған тарифіне және Оператордың қолданыстағы Бағанамасына сай қызметтерді төлеуге міндеттенеді.

### 3. Қызметтердің бағасы және есептесу тәртібі

3.1. Байланыс қызметтері үшін тарифтер мен тарифтік жоспарларды Байланыс операторы өзі белгілейді.

3.2. Абоненттік төлемді Абонент ағымдағы айдың 10-санына дейін Оператордың банк бөлімшелеріндегі е/ш (тізімі Оператордың кеңсесінде), арнайы төлем терминалдар жүйесі, Оператордың қассасы арқылы төлеу мезетінде қолданыстағы тарифтерге сәйкес ақша құралдарын аудару арқылы енгізіледі. Оператор Абоненттің ақша құралдарын қабылдауды және аударуды іске асыратын ұйымдардың қызметтері (соның ішінде бағасы мен көрсету шарттары үшін де) үшін жауапты емес.

3.3. Негізгі / қосымша қызметтерді төлеу Оператордың қызметтерді көрсету мезетінде әрекет ететін, бекітілген Прейскурантына сәйкес жүргізіледі.

3.4. Абоненттің салған аванстық төлемдері Абоненттің жеке шотына есептеледі және Қызметтерді ұсыну шамасына қарай төлеу үшін пайдаланылады. Абоненттің ай сайынғы абоненттік төлемнің мөлшерінен асатын көлемде аванстық төлемді енгізуі Абоненттің міндеті емес, құқығы болып табылады.

3.5. Егер Абоненттің Оператордың алдында Қызметтерді төлеу бойынша берешегі болса, Абоненттің көрсетілген байланыс қызметтері үшін бар қарызын өтеу үшін бірінші кезекте Абоненттің Жеке шотына түскен төлемдерін жұмсайды.

3.6. Пайда болған қарыз үшін тоқтатудан кейін (5.1.6-тармақ) Абонентке қызметтерді көрсетуді жаңарту (хабар тарату байланыс жүйесінің абоненттік желісіне қосу) Оператормен төлем мезетінде әрекет ететін Оператордың тарифтеріне сәйкес қосымша төлем үшін 3 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

#### 4. Тараптардың міндеттері

##### 4.1. Оператор:

4.1.1. Абонентті техникалық мүмкіндік болған жағдайда қосылу бағасын және ай сайын төленуге жататын соманы (абоненттік төлемді) төлеу мезетінен 5 (бес) жұмыс күні ішінде қызметке қосуға;

4.1.2. Шарттың 2.1.-тармағында көрсетілген қызметтерге қолжетімділікті, профилактикалық жұмыстар жүргізетін уақытты қоспағанда, тәулік бойы ұсынуға;

4.1.3. Абоненттің өтінімі бойынша Абонентпен келісілген қысқа мерзімде ақаулардың сипатына қарай, бірақ 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, абоненттік төлем және Оператордың қолданыстағы Прейскурантына сәйкес қарызы болмаған жағдайда желінің ақаулары мен кемшіліктерін жоюға;

4.1.4. Абонентті тарифтердің және Қызметтер үшін бағаның өзгеруі туралы Оператордың [www.7sat.kz](http://www.7sat.kz) ресми сайтында, сондай-ақ Оператордың кеңсесінде тиісті хабарландыру орналастыру арқылы кемінде 10 күн бұрын хабарландыруға міндеттенеді. Тариф күшіне енген күннен тараптар арасында есептеу кезінде қолданылуға міндетті.

Абонент Операторға тәуелсіз себептер бойынша жаңа тарифтерді енгізу туралы ақпарат алмаған жағдайда, Оператор уақтылы хабарландырмағаны үшін жауапты болмайды және осы жөнінде шағым – талапты қабылдамайды.

4.1.5. Абоненттің талабы бойынша тегін дербес шотының жағдайы, Оператор кеңсесінің орналасқан жері, кабельдік телевидение қызметтерінің тарифтері, қызметтерді төлеу тәртібі, нысаны және жүйесі туралы мәліметтерді ақысыз ұсынуға міндеттенеді.

##### 4.2. Абонент:

4.2.1. Өзі дербес шоттың жағдайын бақылауға, Оператордың қызметтерін уақтылы төлеуге;

4.2.2. Оның кінәсінен біліксіз (өз бетімен) жасаған әрекеттері салдарынан Оператор жабдықтарының істен шығуына әкелген Оператордың хабар тарату байланыс желісіне келтірілген тікелей шығындарын өтеуге;

4.2.3. Операторды байқаған өзбетімен желіге қосылу және / немесе желідегі зақымдаулар фактілері туралы ақпараттандыруға;

4.2.4. Операторға 60 күннен аспайтын мерзімде пайдаланушылық ТВ қабылдауыш орналасқан орын-жайды иелену құқығының тоқтағаны туралы, сондай-ақ өзінің 2 айдан артық мерзімге кету немесе Қызметтер ұсынылатын орын – жайды жалға беру, тегін, паспортын немесе осы Шарттың талаптарын тиісінше орындауға қажетті басқа мәліметтерді ауыстыру туралы жағдайлардың орын алу мезетіне дейін 15 күнтізбелік күн бұрын хабарландыруға;

4.2.5. Операторға толық көлемде хабар тарату мақсаттары үшін байланыс қызметтерін алудың мүмкін еместігі фактісі туралы бірден хабарлауға;

4.2.6. Абоненттің орын - жайында орналасқан абоненттік тарату жүйесін және пайдаланушылық (түпкілікті) жабдықты жөнді күйде ұстауға;

4.2.7. Уақтылы, аптасына кемінде бір рет Оператордың немесе Агенттің сайтында көрсетілген өзгертулер, сондай-ақ [www.7sat.kz](http://www.7sat.kz) мекенжайда жарияланатын басқа да технологиялық және ұйымдастырушылық өзгертулер туралы ақпаратты оқуға және назарға алуға міндеттенеді. Оператордың немесе Агенттің аталған сайтта ақпарат орналастыруы Абонентті Шарттың 4.1.4-тармағында көзделген тиісінше хабарландыру болып саналады.

4.2.8. Қызметті құрайтын аудио және бейне материалдар зияткерлік қызмет нәтижесі болып саналады, оған құқық қорғау беріледі және ол тек үй жағдайында қарауға арналған. Абонент материалдардың жазбаларын үшінші тұлғаларға табыстамауға және Қызметтерді еркін келуге арналған ашық жерде, сондай-ақ әдепкі үй ішіндегі отбасы жатпайтын адамдардың көп жиналған орында көрсетуге жол бермеуге міндеттенеді.

## 5. Тараптардың құқығы

### 5.1. Оператор:

5.1.1. Абонент Операторға арнайы жабдықты (металл жәшіктер, сейфтер және т.б.) орнату, аталған мекенжайда пәтерде кабель төсеу құқығын ұсынады;

5.1.2. Абонентті өзгертулерді 4.1.4-тармақтар көрсетілген әдістермен енгізуге дейін кемінде 10 (он) күн бұрын хабарландырып, өзгертілген тарифті қолданысқа енгізуге;

5.1.3. ТВ – бағдарламаларды қабылдау және тарату бойынша негізгі және/немесе қосымша ақылы қызметтердің тізімін кеңейтуге;

5.1.4. ТВ бағдарламаларды кодтауды (пакеттеуді) енгізуге және қосымша каналдарды қарау мүмкіндігін ұсынуға;

5.1.5. Біржақты тәртіпте пайдаланушылық құндылықтарға және техникалық мүмкіндіктерге сәйкес тарифтік жоспардың аясында телевизиялық арналардың құрамы мен санын өзгертуге;

5.1.6. Абонентке КТЖ қызметтерін көрсетуді:

а) Абонент КТЖ жұмысына кедергі тудыратын ақаулы немесе сертификатталмаған абоненттік құрылғыларды пайдаланған;

б) Абоненттің қызметтерді төлеу бойынша қарызы болған жағдайда;

в) қолданыстағы заңнамада көзделген басқа жағдайда уақытша тоқтатуға құқылы;

Абонентке қызметтерді көрсетуді жаңарту Абонентке қызметтерді көрсетуді уақытша тоқтатуға негіз болған себептерді жойған соң және шарттың 3.6.-тармағында көзделген тәртіпте көрсетілген қызметтер үшін қарызын өтегеннен кейін іске асырылады.

### 5.1.7. Оператор:

а) егер абонент Оператордан қызмет көрсетуді тоқтату туралы хабарлама алған күннен бастап 6 айдың ішінде бұзушылық жоймаса, шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

## 5.2. Абонент:

5.2.1. Оператордың телехабар тарату мақсаттары үшін байланыс қызметтерінің құрамын немесе тарифтерді өзгерткені туралы ақпарат алған кезде Операторға шартты бұзу туралы жазбаша өтініш жіберіп, шартты бұзуға құқылы. Абоненттен өзгертулерге байланысты Шартты бұзу туралы өтініш алмауды Оператор Абоненттің осы өзгертулермен келіскені ретінде пайымдайды.

5.2.2. Хабар тарату мақсаттарында байланыс қызметтерін пайдалануға; дербес шотының жағдайы туралы ақпаратты сұратуға; хабар тарату мақсатында байланыс қызметтері бойынша қажетті консультация алуға (Оператор жүгінген жағдайда); осы Жария офертада көзделген басқа құқықтарды пайдалануға құқылы;

5.2.3. Оператордың кінәсінен бес (5) тәуліктен артық Қызметті пайдалану мүмкін емес болған жағдайда Абоненттің өтініші тіркелген мезеттен Абонентке оның Оператордың сатылым кеңсесіне жіберген жазбаша өтініші бойынша аталған мерзімнен артық қызметтердің ұсынылмаған әр күні үшін ай сайынғы абоненттік төлем сомасынан 1/300 (үш жүзден бір) есебінен осы кезең бойынша Қызметтердің бағасы өтелуі мүмкін.

5.2.4. Абонент шартты бұзудың болжалды күніне дейін кемінде екі апта бұрын жазбаша өтініш жіберіп, шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы, бұл ретте Абонент Оператормен көрсетілген қызметтер үшін есептесуге міндетті. Оператормен есептесу жүргізген соң қалдық ақша құралдары қалған жағдайда Абонент Операторға ақша құралдарының пайдаланылмаған қалдығын қайтару туралы өтінішпен жүгінуге құқылы. Ақша құралдарын қайтару Абоненттің жазбаша өтінішін тіркеген мезеттен 10 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

5.2.5. Ақша құралдарының қалдығы Абонентке сома акция бойынша қосылу төлемі есебінен төленген жағдайда қайтарылмайды.

6. Тараптардың жауапкершілігі. Шарттың әрекет ету мерзімі

6.1. Оператор Абоненттен Дербес шотына түскен төлемдерді дұрыс есептемегені және дұрыс жұмсамағаны үшін жауапты. Оператор Абоненттен оның Дербес шот туралы жазбаша ақпарат (өзінің сұратуы бойынша) алған күннен бастап отыз күннің ішінде төлемдерді есепке алу және жұмсау бойынша шағым – талап қабылдайды.

6.2. Оператор телерадиохабар таратудың байланыс желісі бойынша берілетін телебағдарламалардың мазмұны, сондай-ақ хабар желісіндегі арналарды ауыстыру; Абоненттерге телерадиохабар тарату мақсатында көрсетілетін қызметтерінің абоненттің желінің немесе абоненттің орын –жайында орналасқан абоненттік тарату желісінің ақауларынан туындаса, сапасы төмендегені үшін; Абоненттің сертификатталмаған ТВ қабылдағышты немесе МЕСТ-қа сәйкес Мекеменің техникалық талаптарын қанағаттандырмайтын сигнал өткізетін кабельді пайдаланғаны үшін; Абоненттің Шартты толтыру кезінде толық емес немесе сенімсіз мәліметтерді ұсынғаны үшін жауапты емес.

6.3. Оператор оған тәуелсіз себептерден: серіктегі, телеарналардағы, қала электр желісі қызметіндегі профилактикалық жұмыстар бойынша телевизиялық хабар таратылмағаны үшін жауапты емес.

6.4. Тараптар форс–мажорлық мән –жайлар себебінен жауапкершіліктен босатылады. Осындай мән –жайлар туындаған тарап орынды мерзім ішінде және қолжетімді әдіс арқылы осындай мән жайлар туралы екінші тарапты хабарландыруы керек.

6.5. Шарт оны жасаған (құптаған) соң күшіне енеді және мерзімсіз әрекет етеді.

6.6. Егер Абонентке Шарттың қол қойылған қағаз нұсқасы керек болса, Абонент Оператордың немесе Агенттің сайтынан шарттың өзекті нұсқасын басып шығарады және оны өзбетімен Оператордың немесе Агенттің кеңсесіне әкеледі. Оператор немесе Агент Абоненттің қолы қойылған Шартын алып, оған өз тарапынан қол қояды және Абонентке Шарттың бір нұсқасын қайтарады. Жария оферта шартының соңғы қолданыстағы редакциясының мәтінін Абонент 4.7-тармақта көрсетілген мекенжай бойынша сайттан ала алады.

6.7. Оператор Абоненттің Қызметті пайдалану немесе Қызметті пайдалану мүмкін еместігі нәтижесінде кетірген шығындары үшін жауапты емес.

6.8. Абонент Оператор және / немесе Агент Абонентті Оператордың және / немесе Агенттің жүргізетін акциялары, презентациялары немесе маркетингтік зерттеулері туралы материалдарды электронды пошта арқылы тарату немесе шартты жасау кезінде көрсетілген ұялы телефон нөміріне смс жіберу арқылы ақпараттандыруға, сондай-ақ

Оператор және Агент Абонент туралы ақпараттық ақпараттық – анықтамалық қызмет көрсетуде пайдалануға құқылы.

6.9. Оператордың және / немесе Агенттің Абоненттің Дербес шотына маркетингтік акциялар, ұтыс ойнату және т.б. барысында аударған ақша құралдары Абоненттің аванстық төлемі болып табылмайды, Абонент оны Оператордың Қызметтерін төлеуге ғана пайдалана алады және пайдаланылмаған қалдығы Шарт бұзылған жағдайда Абонентке қайтарылуға жатпайды.

6.10. Хабарландырулар, шағым – талаптар, сұраныстар және басқа ресми материалдарды Тараптар бір – біріне:

- Оператордан және/немесе Агенттен Абонентке – осындай өзгерістерді сайтта орналастыру және / немесе жариялау арқылы;

- Абоненттен Операторға және/немесе Агентке - факсимильді байланыс, тапсырыс поштасының хаты, курьерлік пошта немесе сайтта көрсетілген мекенжайлар бойынша кеңсеге өтініш беру арқылы жазбаша нысанда жіберіледі.

6.11. Тараптар осы шарттың мәніне, бір-бірінен алған техникалық, коммерциялық және өзге ақпаратқа қатысты мәліметтердің, сондай-ақ Абоненттің жеке мәліметтері туралы ақпараттың Шарт бойынша міндеттерін орындау процесінде, ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес құзыретті органдардың ресми сұраныстарын қоспағанда, құпиялылық шартын орындауға міндеттенеді.

7. Дауларды шешу

7.1. Тараптардың келіспеушіліктері мен дауы Тараптармен келіссөз арқылы шешіледі.

7.2. Абонент Операторға қызметтерді көрсету күнінен 6 айдың ішінде жазбаша нысанда шағым - талап жібере алады, оны Оператор дәл сол күні тіркейді және шағым – талапты жібергеннен күннен бастап 60 күннен аспайтын мерзімде қарайды, шағым – талапты қарау нәтижелері туралы Оператор Абонентке жазбаша нысанда хабарлайды. Егер шағым – талапты оператор негізді деп тапса, анықталған кемшіліктер орынды мерзім ішінде жойылуға жатады.

7.4. Келіссөз арқылы шешілмеген келіспеушіліктер мен даулар ҚР заңнамасында көзделген тәртіпте қаралады.

7.5. Заңнаманың үнемі өзгеруіне байланысты Оператор Шарттың талаптарын, шарттың Қосымшаларын тиісінше өзгертіп, Оператордың [www.7sat.kz](http://www.7sat.kz) ресми сайтында, Оператордың офисінде осындай өзгертулерді жариялауға құқылы.

8. Оператордың деректемелері

«Бажекова» ЖК **деректемелері:** ақпарат алу және техникалық қолдау телефоны: 523600

«БанкЦентрКредит» АҚ Семей қ. филиалы

БСК: КСJBKZKX

ИСК KZ888562204104778533

КБЕ: 19

**Занды мекенжайы:** 071400,

Қабанбай батыр даңғ. 42-152

**Нақты мекенжайы:** 071400,

**Мәңгілік ел көшесі** 26, 102–қаб.

**Директор:** Бажекова Нуржан

Рысбековна